

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТИ
КЕЙІННЕН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП*

2019 ж. шілде

Сараптамалық топ:
Georg Schulz, Төраға
Erdal Emel
Inguna Blese
Christina Rozsnyai, үйлестірушісі

* Құжаттың түпнұсқасы – ағылшын тіліндегі нұсқа. Құжаттың мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

Мазмұны

1. Кіріспе.....	3
2. Басқару және институционалдық шешімдерді қабылдау.....	7
3. Сапа мәдениеті.....	10
4. Оқыту және білім беру	12
5. Ғылыми-зерттеу қызметі.....	14
6. Қоғамға арналған қызметтер	16
7. Интернационалдандыру.....	17
8. Қорытынды	19

1. Кіріспе

Осы есеп Назарбаев Университетін (НУ), Қазақстан Республикасы, кейіннен бағалау нәтижесінде жасалды. Университеттердің еуропалық қауымдастығының (EUA) Институционалдық бағалау бағдарламасы (IEP) НУ-ды бастапқы бағалауды 2017 жылы жүргізген болатын, есеп 2017 жылдың тамызында Университетке жіберілген еді. НУ 2018 жылы IEP-ден кейіннен бағалау жүргізуді сұрады.

1.1 Институционалдық бағалау бағдарламасы және кейіннен бағалау процесі

Институционалдық бағалау бағдарламасы (Institutional Evaluation Programme, IEP) қатысушы институттарды стратегиялық басқаруды және ішкі сапа мәдениетін үздіксіз дамытуды жүзеге асыруда қолдауға бағытталған, сыртқы сараптамалық талдауды жүргізетін Университеттердің еуропалық қауымдастығының (EUA) тәуелсіз бастамасы болып табылады. IEP жоғары білім сапасына кепілдіктің еуропалық қауымдастығының (ENQA) толыққанды мүшесі болып табылады және Жоғары білім сапасы кепілдігінің еуропалық тізіліміне (EQAR) кіреді.

IEP жалпы философиясына сәйкес кейіннен бағалау процесі қосымша процесс болып табылады. Шын мәнінде бағалау жүргізудің алдын ала белгіленген қандай да бір рәсімдері жоқ және университет бастапқы бағалаудан кейін алынған өзінің тәжірибесі аясында іс-әрекеттердің дәйектілігін өзі анықтауы қажет. Университеттің қол жеткізілген ілгерілеуі сипатталатын және еңсерілуі тиіс жаңа және қазіргі кедергілер көрсетілетін, өзін-өзі бағалау туралы есеп ұсынуы көзделеді.

Негіздемесі кейіннен бағалау университетке бастапқы бағалау жүргізілген сәттен бастап қол жеткізілген өзгерістерді бағалауда көмектесуі мүмкін екендігінде болып табылады: Бастапқы бағалаудың ықпалы қандай болды? Университет бағалау бойынша бастапқы есепті қалай пайдаланды? Ол есепте қозғалған мәселелерді қаншалықты шеше алды? Кейінгі бағалау сондай-ақ университет үшін ішкі және сыртқы шектеулер мен мүмкіндіктер тұрғысынан алғанда өзгерістерді басқару бойынша стратегиясын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Бастапқы бағалау жағдайындағы сияқты, бағалаудың барлық қырлары «мақсатқа қол жеткізуге көмектесу» тәсіліне негізделген, төрт негізгі мәселені басшылыққа алады:

- Оқу мекемесі не істеуге тырысады?
- Ол мұны қалай істейді?
- Оқу мекемесі жасалған іс-қимылдардың табыстылығы туралы қалай біледі?
- Өз қызметін одан әрі жетілдіру үшін оқу мекемесінің қызметі қалай өзгереді?

1.2 Назарбаев Университетінің бейіні

1991 жылы Кеңестер одағы ыдырағаннан кейін егемендік алғаннан бастап Қазақстан Республикасында іргелі трансформациялау процесі жүруде. Болон процесін жоғары білім беру құрылымының моделі ретінде алған Қазақстан 2010 жылы Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіне (EHEA) оның 47-ші мүшесі болып қосылды. Жоғары білім беру өзінің 21 ғасырдағы қоғамның прогрессивті көшбасшыларын тәрбиелеуге бағытталуының арқасында ұлттық

трансформация стратегиясында шешуші рөл атқарады.

Назарбаев Университеті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өзінің ұлтқа арналған жыл сайынғы жолдауында «Қазақстанда әлемдік деңгейдегі алғашқы зерттеу университетін» құру жоспары туралы жариялағаннан кейін төрт жыл өткен соң 2010 жылы Қазақстан Республикасының басқа жоғары орындары үшін үлгі болу мақсатында құрылған болатын (Өзін-өзі бағалау бойынша есеп, 1- бет). НУ-дың стратегиялық мақсаттары мынадай:

- Қазақстанда білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық – Назарбаев Университетінің тәжірибесін қазақстандық жоғары оқу орындарына, мектептер мен зерттеу орталықтарына таратуды қамтамасыз ету.
- Академиялық көшбасшылық – академиялық көшбасшылықты дамыту және қолдау арқылы Назарбаев Университетінің миссиясына қол жеткізу.
- Ғылыми көшбасшылық – әлемнің үздік ғалымдарымен және зерттеу орталықтарымен әріптестікте әлемдік деңгейдегі ғылыми зерттеулер жүйесін қалыптастыру.
- Интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесінің моделін құру – Қазақстанда денсаулық сақтаудағы қызмет көрсету моделі ретінде Назарбаев Университетінің денсаулық сақтау жүйесін құру.
- Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу – Қазақстанда инновациялардың негізгі қозғаушы күшіне айналу және Нұр-Сұлтан қаласының инновациялардың өңірлік орталығы болуының негізін құру.
- НУ-дың мемлекеттік секторға және өнеркәсіпке тартылуы – НУ ұлттық және өзге де бастамаларға қолдау көрсету мақсатында үкіметпен, өнеркәсіп секторымен және халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтасады (НУ брошюрасы 2018 ж, 1- бет).

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде табыстылықты қамтамасыз ету мақсатында НУ-ға институционалдық дербестік және академиялық еркіндік беретін жеке заңмен бірегей құқықтық мәртебе берілді. Осы заң сондай-ақ Университеттің басқару құрылымы шеңберінде ҚР Ғылым және білім министрлігінен тәуелсіз Қамқоршылық кеңес құру мүмкіндігін қамтамасыз етті. НУ-дан ұлттық органдар мен аккредиттеу агенттіктері тарапынан лицензиялар алу немесе аккредиттеуден өту талап етілмейді, алайда кейбір бағдарламалар ІЕР бағалауға қосымша халықаралық аккредиттеуден өтетін болады. Университет өздерінің талаптары негізінде студенттерді оқуға қабылдай алады. НУ «шамамен жасалған болжам бойынша жарты миллионға жуық саналған студенттердің жалпы контингентінен бес мыңға жуық студентті қамтиды» («Қазақстанда университеттік дербестікке өту» EUA есебі¹, 37- бет).

Бұған қоса, университет соңғы төрт жылдағы оны жалпы қаржыландырудың шамамен 91% құрайтын елеулі мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру алады, НУ-дың 2019 жылғы өзін-өзі бағалау бойынша есебіне (бұдан әрі - ӨЕ) 1- қосымшаға сәйкес ІЕР бағалау жөніндегі сарапшылар тобына (бұдан әрі – Сарапшылар тобы) 2017 және 2019 жж. Университетке сапарлары уақытында НУ

¹ <https://www.eua.eu/resources/publications/810:transition-to-university-autonomy-in-kazakhstan.html>

бюджеті елдің жоғары білім беруге бөлінетін жалпы бюджетінің шамамен 20% құрайтыны туралы бейресми түрде айтылған болатын. Сонымен қатар НУ-дың құрылуымен бір мезгілде көп ұлттық компаниялар тарапынан қаржыландырылатын эндаумент қоры рөлін атқаратын «Назарбаев Қоры» құрылған болатын. Қор НУ-ға тәуелсіз бақыланады және инвестициядан түскен кірісті өзінің қалауы бойынша пайдалана алады.

НУ бастапқыда міндеті НУ-мен және Ұлыбритания, АҚШ және басқа да елдердің университеттері арасында әріптестік қарым-қатынастар орнату болып табылатын, жобалау тобы ретіндегі схема бойынша құрылған еді. Әріптестердің міндеті Университеттің басқару құрылымын құру және алғашқы білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ академиялық персоналды НУ-ға тарту болатын. Мектептердің көпшілігі (АҚШ-та қабылданған терминологияға сәйкес факультеттер мектеп деп аталады) бұрынғысынша халықаралық университеттермен стратегиялық әріптестік қатынастарды қолдайды. Әріптестер тізімі кеңейе түсті және жаңа елдер мен континенттерді қамтиды. Олардың арасында: Кембридж университеті, Висконсин-Мэдисон университеті, Сингапурдың Ұлттық университеті, сондай-ақ Питтсбург университеті және көптеген басқа оқу орындары бар.

НУ құрамына сегіз мектеп кіреді, алайда 2019 жылдың күзінде Ғылым және технологиялар мектебі мен Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің қосылуы дайындалуда. Қалған мектептер: Инженерия мектебі (қазіргі уақытта Инженерия және цифрлық ғылымдар мекетемі), ол бұрынғы Ғылым және технологиялар мектебінің бір бөлігін және Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебін қамтиды, «Жоғары білім беру мектебі» жеке мекемесі болып Университеттің құрамына кіреді. Университетте сондай-ақ «National Laboratory Astana» жеке мекемесінің бөлігі болып табылатын зерттеу орталықтары жұмыс істейді: Энергетика және жаңа материалдар туралы ғылымдар орталығы және Өмір туралы ғылымдар орталығы.

2018 жылдың күзінде 4 030 студент (бакалавриат бағдарламаларының 2 948 студенті, магистратура және докторантура бағдарламаларының 1 082 студенті) НУ-ға оқуға қабылданды, бұл 2017 жылы оқуға қабылданған 3 514 студентпен салыстырғанда өсуді көрсетіп отыр. Тағы 754 студент оларды НУ-ға оқуға түсуге дайындайтын Дайындық мектебінде білім алып жүр, онда білім беру ағылшын тілін үйрену курстарына бағыттау жолымен ағылшын тілінде жүзеге асырылады. ӨЕ-де және 2018-2030 жылдарға арналған НУ Стратегиясында 2030 жылға қарай студенттердің санын 10 000-ға дейін ұлғайту жоспарланғаны көрсетілген, бұл ақпарат сапар уақытында расталды. 2018 жылға бакалавриат бағдарламалары студенттерінің 99,8%-ы және магистратура бағдарламалары студенттерінің 97,9%- Қазақстан Республикасының азаматтары болды, олардың ішінде тиісінше 93,9% және 90,3% қазақтар және 6,1% және 9,7% елдегі қалған 100-ден астам этникалық топтардың өкілдері болды. Гендерлік арақатынас бакалавриат бағдарламаларында орнықты болып қалуда және шамамен 1:1, магистратура және докторантура бағдарламаларында аздаған ауытқумен 42,1% әйелдерді және 57,9% ерлерді құрайды. Бакалавриат және магистратура бағдарламалары студенттерінің көпшілігі үшін оқыту стипендиялық бағдарламалар аясында ақысыз негізде жүзеге асырылды. Бакалавриат студенттерін тұрақтандыру пайызы оқытудың төртінші жылында 90,8%-ды құрайды, олардың 88,7% университетті бітіріп шығады. Магистратура және докторантура студенттерінің арасында тұрақтандыру пайызы 90,5%-ды құрайды.

2018 жылдың күзінде оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ) мүшелерінің саны 363 адам

болды. Студенттерден бір ерекшелігі, ОПҚ мүшелерінің көпшілігі шетелдік мамандар болып табылады, басым бөлігі Солтүстік Америкадан, сондай-ақ Еуропадан, Азия және Австралиядан, дегенімен команда ОПҚ-ның шетелдік мүшелерінің үлесі 2017 жылғы 78%-дан аздап төмендегені туралы ақпарат алды. Іс жүзінде НУ-дың барлық әкімшілік қызметкерлері қазақстандықтар болса да, жоғары әкімшілік лауазымдардағы қызметкерлердің көпшілігінің халықаралық тәжірибесі бар.

НУ 1998 жылы ауыстырылған елорда Астанадан, жуырда қайта аталған Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Университет одан әрі кеңею мүмкіндігі бар, үлкен және заманауи ғимараттар кешеніне ие болып отыр. Ол оқу үй-жайларын, зертханаларды, студенттер жатақханаларын, ОПҚ-ға арналған жатақханаларды, спорт үй-жайларын, демалыс және қызмет көрсетудің кең ауқымын көрсетуге арналған үй-жайларды қамтиды. Студенттердің 80%-ға жуығы кампуста тұрады. Қазіргі уақытта НУ-дың жаңа технопаркін кеңейту процесі жүзеге асырылуда.

1.3 Бағалау процесі

2017 жылы IEP бағалау жүргізгеннен кейін НУ бағалау жөніндегі есепте берілген ұсынымдарды талқылау мақсатында Үйлестіру комитетін құрды. Барлық салалар бойынша 13 жұмыс тобы құрылды, оларда өзгерістер іске асырылатын болады. Одан кейін университеттің ішкі стейкхолдерлерімен жұмыс жүргізілді. 2018 жылы тамызда IEP қарауына жұмыс барысы туралы есеп ұсынылды. Осы кейіннен бағалау үшін өзін-өзі бағалау процесін 13 академиялық қызметкерден, НУ басшыларынан және оның кейбір бөлімшелерінің өкілдерінен, әкімшілік қызметкерлер мен студенттерден тұратын комитет жүргізген болатын. Комитеттің жұмысы 2017 жылы IEP берген ұсынымдарға, 2018 жылғы жұмыс барысы туралы есепке және сондай-ақ 2017 жылғы IEP есебіне және 2018 жылдың желтоқсанында НУ кеңесі бекіткен НУ-дың 2018-2030 жылдарға арналған Стратегиясына негізделген болатын. Бұған қоса, 2019 жылға ӨЕ-де жаңа жобалар мен жетістіктер туралы ақпарат келтірілген, ал комитет белгіленген міндеттерді іске асыру процесіне қатысты міндеттерді айқындау бойынша іс-қимыл жоспарын әзірледі.

ӨЕ-де 2017 жылғы бағалау қорытындылары бойынша «елеулі ілгерілеуге» қол жеткізуден (13 ұсыным) бастап «жақсы ілгерілеуге» (10 ұсыным) және «орындалды» деген белгіге (6 ұсыным) дейін әрбір ұсынымның қаншалықты орындалғаны сипатталған. Сараптамалық топ ұсынылған ӨЕ аясында НУ-дың жетістіктерін ашық және адал өзін-өзі бағалауына жоғары баға берді. Сондай-ақ 2017 жылдың ұсынымдарын жүйелі орындауға және ілгерілеу мен одан әрі қажетті іс-қимылдар деңгейін айқындаудағы НУ-дың сыни тәсілі жоғары бағаланды.

НУ ӨЕ қосымшаларымен бірге Бағалау жөніндегі сараптамалық топқа 2019 жылдың наурызында жіберілген болатын. Бағалау тобының Университетке сапары 2019 жылы 21-24 мамырда болды.

Бағалау жөніндегі сараптамалық топтың мүшелері:

- Георг Шульц, Музыка және орындаушылық өнер түрлері университетінің бұрынғы ректоры, Грац қаласы, Австрия, Төраға
- Эрдал Эмель, Улудаг Университетінің бұрынғы Проректоры, Түркия
- Ингуна Блисе, Латвия Университетінің студенті
- Кристина Розсняй, Венгриялық аккредиттеу жөніндегі комитетінің қызметкері,

Сараптамалық топтың үйлестірушісі.

Сараптамалық топ НУ басшылығына және қызметкерлеріне, атап айтқанда, Президент Шигео Катсуға және Провос Илесанми Адесидаға, Директор Дункан Пристлиге және байланыста болған тұлға Айжан Мусинаға ұсынған ақпараттық және өзін-өзі сынайтын ӨЕ үшін, сапар аясында өткізілген сұхбаттасу уақытындағы ашықтық пен сараптамалық топқа қатысты көрсетілген жылы қонақжайлық үшін алғыс білдіреді.

2. Басқару және институционалдық шешімдерді қабылдау

Өзінің стратегиясын талқылау барысында НУ қазіргі кездегі пайымын 2025 жылға дейін ұстануға шешім қабылдады: «Қазақстанның және әлемнің дамуы мен өркенденуі үшін қажетті ғалымдар мен мамандарды, басшылар мен кәсіпкерлерді даярлау». Миссиясы да көрсетілген уақыт аралығында бұрынғысынша қалады: «Қазақстанның жоғары білім беру мен ғылым жүйесінде реформалар жүргізу моделіне айналу және Астананың халықаралық инновациялар мен білімнің орталығы болуына үлес қосу, студенттерді тұрақсыздық, белгісіздік, кешенділік және әртүрлілік артқан әлемге даярлау». Пайымы мен миссиясы *НУ-дың мәні мен маңызын* және оның Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің трансформациясына қатысты өзіне алатын жауапкершілігін көрсетеді. Өзінің «Қазақстанда білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық» атты стратегиялық мақсаты аясында НУ басқа университеттердің жоғары басшыларына арналған көшбасшылық тақырыбындағы семинарларды қоса алғанда, әртүрлі сыртқы стейкхолдерлерге арналған семинарларды белсенді өткізеді. Жуырда елдің бірнеше университеттеріне НУ үлгісіндегі байқаушы кеңестің құрылымына қатысты кейбір дербестік берілді. 25 университеттен тұратын «Академиялық адалдық лигасы» НУ ресми түрде топқа әлі қосылмағанына қарамастан, НУ үлесі негізінде құрылған болатын; сараптамалық топ та өзінің кейінгі сапары аясында басты рөлді НУ миссиясы мен брендінде белгіленген академиялық адалдық деп атап көрсетті. Сараптамалық топ студенттерді олардың жетістіктері негізінде қабылдауды және НУ-да адами ресурстарды басқару процесінің мақтауға тұратынын тағы да растады. Топ НУ-дың Қазақстанда озық білім беру мекемесін құру талпынысын лайықты бағалап, еліміздің басқа жоғары оқу орындарының келесі жылдарда құрылымдық реформалардан өтуіне қарай университет олар үшін үлгі бола алады деп үміттенеді.

НУ сондай-ақ медициналық қызметтер көрсетуден бастап көшбасшылық дағдыларды дамытуға дейін сараланатын «Интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесін жасауда» жұмыс істеп, өзінің басқа да стратегиялық мақсаттарында табысқа қол жеткізді. Қазіргі уақытта Медицина мектебінің басқаруында халыққа медициналық қызмет көрсететін үш аурухана бар. Көшбасшылыққа қатысты айтатын болсақ, Сараптамалық топ мектептің медицина университеттерінің басшылығына арналған кәсіби даму жөніндегі семинар өткізетіндігі туралы ақпарат алды. Пациентпен өзара байланыс процесі аса маңызды болып табылатын медициналық мекемелер арқылы халықпен тікелей байланысты ескере келе, жергілікті және шетелдік қызметкерлердің арақатынасы НУ-дың басқа мектептеріне қарағанда жоғары болды және 1:1-ді құрайды.

ӨЕ-де соңғы екі жыл ішінде НУ іске асырған көптеген ұйымдастыру өзгерістері сипатталған. Олар басқару, оқыту және білім беру, ғылыми-зерттеу қызметінің және әкімшілендіру процесінің аспектілеріне әсер етті және бізге әртүрлі процестерді ұтымды пайдалануда белгілі бір нәтижелерге

қол жеткізген сияқты болып көрінеді. Сараптамалық топ сондай-ақ трансформациялау процесін ұйымдастыруды атап көрсеткісі келеді және НУ-дың мүдделі тараптарының процеске бейілділігі көріністеріне тәнті болды. Реформаларды жүзеге асырудың соншалықты жылдам қарқыны барлық стейкхолдерлер үшін қиындық туындатады, алайда ол жылдам өзгерістерді іске асыру қажеттігін түсінумен үйлеседі. 2017 жылы НУ-дың орнықтылығы команданың басты алаңдаушылығы болған еді және университет барлық ішкі стейкхолдерлер өзгерістердің осы қарқынына бейімделетініне кепілдік беру қажеттілігімен реформаларды іске асыру жылдамдығын теңестіру қиындығы туралы жақсы хабардар етілген. Демек, сараптамалық топ НУ-дың *мемлекеттік бюджеттен тәуелділікті бірте-бірте төмендету мақсатында кіріс көздерін әртараптандыруға күш-жігерін жұмсауды жалғастыра беруі үшін* қаржылық орнықтылыққа қатысты небәрі бір ғана ұсыным бергісі келеді.

НУ 2018-2030 Стратегиясын іске асыру жоспарын әзірледі. Бұл жоспар 2017 жылы жоспарланған және қазіргі уақытта жұмыс істейтін институционалдық зерттеулер мен талдау бөлімшесі дайындаған және ұсынған деректердің қолдауымен институционалдық деңгейде, мектеп немесе бөлімше деңгейінде мониторингтеу процесінен өтетін болады.

Сараптамалық топ *НУ-ға болашаққа арналған жоспарларды тұжырымдау кезінде «оқу мекемесі жасалған іс-қимылдардың табыстылығы туралы қалай біледі» деген аспектіні салыстыру үшін жиналған деректердің көмегімен мониторингтеу және бағалау әдістерін пысықтауды ұсынады.*

Сараптамалық топ стратегия мен мақсаттарды тұжырымдауға қатысты қол жеткізілген жақсы ілгерілеуді, сондай-ақ процесс аясында ішкі стейкхолдерлермен сындарлы өзара іс-қимылды атап көрсетті. Мүдделі тараптардың стратегиялық мақсаттарды іске асыруға бейілділігін қолдау үшін коммуникация саласындағы тұрақты күштердің қажеттілігін атап өткім келеді. Сараптамалық топ сондай-ақ НУ-дың өз ӨЕ аясында осы салада одан әрі жұмыс жүргізу қажеттігін атап көрсетеді және топ сапар кезінде сұхбат берушілерден болашақ өзгерістерге қатысты іс-қимылдардың жеткіліксіздігіне байланысты шағымдарды естіді. Ендеше, сараптамалық топ НУ-ға *барлық ішкі стейкхолдерлермен қажетті қарым-қатынастың және өзгерістер туралы ақпаратпен алмасудың қамтамасыз етілуін қадағалауды ұсынады.* Бұның тікелей тартылған немесе жоспарланған өзгерістердің ықпалындағы топтар үшін маңызы ерекше.

Сыртқы әріптестермен қатынастар ілгерілей түсуде. Сараптамалық топ бастапқы мақсатқа қол жеткізілгендіктен, НУ мектептерін құру, оқу бағдарламаларын әзірлеу және ОПҚ-ны жинақтау үшін алғашқы америкалық әріптестермен орнатылған байланыстардың серпіні жоғала бастағанын атап көрсетті. Топ әріптестік қатынастардың бірлескен жобалар мен жарияланымдарды қамтитын, барынша теңгерімді қатынастардың келесі деңгейіне өтуіне және дамуына қатысты, ӨЕ-де келтірілген НУ-дың бағалауымен келіседі. Топ әсіресе *әріптестік қатынастардың жаңа деңгейін қолдау мақсатында бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін күшейтуді ұсынады.*

Электрондық ақпараттық жүйеге қатысты, сараптамалық топ ІТ-жобалары бойынша бас ақпараттық директорды және бас директорды жалдағанын назарға алды. Қазіргі уақытта Жоғары бизнес мектебіндегі жүйе мен институционалдық зерттеулер мен талдау бөлімшелері деректерінің жүйесі интеграцияланған жүйелер сияқты, қазіргі кездегі жүйелерді ескере отырып, бірыңғай институционалдық ІТ-жүйесін енгізу аса қажет. Сараптамалық топ *әр деңгейдегі пайдаланушылар*

үшінеңгейдегі пайдаланушылар скементтері бар университеттік когерентті ақпараттық жүйе құруды ұсынады. Бұл ішкі коммуникация мен басқарудың бірыңғай университеттік ІТ-жүйесін (Интранет) қамтуы мүмкін.

3. Сапа мәдениеті

Сараптамалық топ НУ-ды сапаны қамтамасыз етудің көптеген ішкі және сыртқы тетіктерін әзірлеудегі жетістіктері үшін мақтағысы келеді. Топ сондай-ақ НУ стейкхолдерлерінің университет қызметінің сапасын үздіксіз арттыру процесіне тұрақты бейілділігін атап көрсетеді.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіне қатысты, сараптамалық топ сапаны қамтамасыз ету бойынша іріктеліп алынған құжаттар топтамасын жоғары бағалады. Академиялық сапа жүйесі 2017 жылдың өзінде жұмыс істей бастады және тиісті құжаттармен қатар, академиялық ынталандыру стандарттарын қолдау процесін айқындайды. Сапаны арттыру жөніндегі жыл сайынғы жоспарлар, олардың соңғысын НУ Академиялық кеңесі 2019 жылдың наурызында бекіткен болатын, ол білім беру және оқыту процестерін қайта қарау және тұрақты жақсарту бойынша іс-қимылдардың мерзімдері мен міндеттері көрсетілген нақты жоспарлары болып табылады. НУ сондай-ақ тұрақты негізде студенттерден олардың оқу тәжірибелеріне қатысты кері байланысты сұрап отырады, қызметкерлердің қанағаттануына зерттелер жүргізеді, сондай-ақ алынған кері байланысты тұрақты қадағалайды. Алдыңғы тарауда айтылған институционалдық зерттеулер мен талдау бөлімшесі ӨЕ-де сипатталған, нақты айқындалған операциялық құрылымға сәйкес жұмыс істей бастады және сапаны арттыру үшін қажетті деректерді өндіріп, талдау жүргізеді.

ӨЕ-ге жекелеген қосымша ретінде сараптамалық топ НУ-дың операциялық құжаттары ішкі сапаны қамтамасыз етуге жататын ESG 1-бөлімінің жекелеген стандарттарымен салыстырылатын *Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз етуге арналған НУ-дың стандарттары мен нұсқаулығына сәйкестігі* көрсетілген кестені алды. Топ Университеттің Болон процесіне бейілділігінің белгісі ретінде ESG НУ-дың сапаны қамтамасыз ету жүйесіне интеграциялануын жоғары бағалайды. Сараптамалық топ *кестені қайта қарауды және жоғарыда көрсетілген екі құжаттың үйлесімділігін арттыру және жоқ элементтерді анықтау мақсатында әр тармақ бойынша оны ESG нұсқаулықтарымен салыстыруды ұсынады*. НУ-дың сапаны қамтамасыз ету құралы ретінде ESG-ді негізге алғаны және бірыңғай сапа мәдениетіне ұмтылғаны жөн. Сондай-ақ басқару және әкімшілендіру процестеріне таратылатын академиялық аспектілер ғана емес, НУ-дың барлық бөлімшелері мен іс-қимылдарын қамтитын, сапаны қамтамасыз етудің кешенді стратегиясын әзірлеу ең жақсы бастау нүктесіне айналуы мүмкін. Сараптамалық топ *сапаны қамтамасыз етуден университеттің сапа мәдениетіне көшуді жалғастыруды ұсынады*. Мысалы, ӨЕ-де сипатталған өзара қадағалау сияқты, озық тәжірибемен алмасу мектептер мен бөлімшелердің ішіндегі және арасындағы синергияға септігін тигізу мақсатында сапа стратегиясымен стандартталуы мүмкін. Бұған қоса, сараптамалық топ университет қауымдастығының сапаны қамтамасыз ету мәселелеріне көңіл бөлуі мақсатында *сапа жөніндегі ішкі құжаттарды НУ вебсайтында қолжетімді етуді ұсынады*.

НУ-да сапаны сыртқы бағалауға қатысты, сараптамалық топ жұмыстардың барысы туралы егжей-тегжейлі есеппен, сондай-ақ кейіннен бағалау үшін ӨЕ-мен университеттің 2017 жылғы IEP ұсынымдарымен жұмысын жоғары бағалайды. Топ сондай-ақ НУ-дың кейбір бағдарламаларының ABET, EAPAA немесе WFME сияқты, халықаралық агенттіктер тарапынан аккредиттеуден өткені немесе өтуге дайындалып жатқаны туралы білді. Сараптамалық топ НУ-ға

оқыту мен білім берудің сапасын, сондай-ақ халықаралық танымалдылықты арттыру мақсатында бағдарламалар мен мектептердің халықаралық аккредиттеуден өтуін жалғастыруды ұсынып, осындай іс-қимылдарды қолдайды. Жоғарыда айтылған сапаны қамтамасыз етудің университеттік стратегиясы сапаны сыртқы қамтамасыз етуге қатысты аса маңызды. Мектептер мен бағдарламалар үшін әртүрлі кәсіби аккредиттеуден өту шеңберінде сараптамалық топ сапаны ұжымдық түсінуді және университет деңгейінде сапаның кешенді стандарттарын сақтауды қамтамасыз етуді ұсынады.

4. Оқыту және білім беру

ӨЕ-де НУ білім беру және оқыту процестеріне қатысты көптеген жетістіктерін сипаттаған. Басқалармен қатар, НУ магистратура мен докторантураға арналған портфолио мен тұжырымдаманы әзірлеу және оларды іске асыру үшін дипломнан кейінгі бағдарламалардың қауымдастырылған провостын тағайындады. Өздерінің сапарлары аясында сараптамалық топ оқыту мен білім беру үшін жасалған техникалық жағдайларға тәнті болды; университетте топтық жұмыстар үшін арнайы кластар, сондай-ақ студенттердің жеке жұмыстарына арналған жеке үй-жайлар бар. Бұған қоса, топ ӨЕ-ге қосымша ретінде келтірілген, жуырда енгізілген негізгі оқу бағдарламасын (core curriculum) қамтитын бакалавриат бағдарламалары бойынша нормативтік ережелерді алды. Сараптамалық топ барлық студенттерге жан-жақты білім беруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ таңдау бойынша әртүрлі курстар арқылы ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін, жаңа негізгі оқу бағдарламасын іске асыруды ерекше атап көрсеткісі келді. Осыған қарамастан, топ *талап етілетін жұмыс жүктемесіне қол жеткізу үшін ғана студенттер өздеріне керексіз пәндерді таңдауға мәжбүр болатын жағдайлардан аулақ болу үшін студенттерге арналған элективті курстарды кеңінен таңдауды қамтамасыз етуді ұсынады*. Бұған қоса, сараптамалық топ элективті курстар ретінде ұсынылған бейінді пәндер бойынша курстардың басқа мамандықтар бойынша студенттерге қолжетімді болмағаны туралы ақпарат алды. Яғни, топ басқа мамандықтар бойынша студенттер үшін элективті курстардың мазмұны анық және түсінікті болуын қамтамасыз етуді ұсынады.

НУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы оқытудың жаңа әдістерімен бір-бірімен бөліседі, оларды қолдан ынталандырылады. Сараптамалық топ *студентке бағдарланған білім берудің барлық қырларын және оның оқыту құралдарына және студенттің міндетіне әсер етуін зерделеуді ұсынады*. ӨЕ-де сипатталған (1.3-стандарт) студентке бағдарланған білім беру тұжырымдамасы интерактивті білім беруге ынталандыру шегінен асып түседі және қазіргі уақытта болашақ кәсіби қызметінің іргесін қалап жатқанын түсінетін студенттердің белсенді әрекетін білдіреді. Сапар кезіндегі сұхбат барысында кейбір студенттер оқу процесінде, атап айтқанда тағылымдамаларға қатысты икемділіктің жеткіліксіздігін, мысалы, тағылымдамадан өтуге белгіленген уақытты, оны кейде бизнес қажеттіліктерімен және күтулерімен салыстырудың қиындығын; шетелде тағылымдамадан өтуді таңдаудағы шектеулерді және т.б. атап өтті. НУ-дың барлық студенттеріне білім беру процесін жоспарлауға және одан арғы кәсіби қызметіне қатысты тиісті консультациялар мен тәлімгерлік ұсынылмағаны белгілі болды. Демек, сараптамалық топ оқу жоспарында кәсіпкерлік ой-сананы дамытуға көбірек көңіл бөлуді және студенттерге алған білімі мен дағдыларын қолдануға көмектесу үшін мұқият жоспарланған практикалық жұмыстың тиісті көлемін қосуды ұсынады. Мұндай шаралар, атап айтқанда, жаңа буынға оған қол жеткізу үшін өмір бойы тиісті дағдылады меңгеру қажет болатын, оқуға деген арта түсіп отырған қажеттілігі тұрғысынан алғанда маңызды.

ӨЕ-де НУ қызметкерлер арасында олардың қандай жетістіктерді көргісі келетініне қатысты зерттеулер жүргізетін, ұзақ мерзімді еңбек шарттары бойынша жұмыс тобын құрғаны көрсетілген. Кейбір шараларды іске асыруда ілгерілеуге қол жеткізілді, ал қалған шараларға қол жеткізу әлі де болса қиынға түсуде. НУ тарапынан оқытушылардың тұрақты кәсіби дамуына қатысты, мысалы, Ұлыбританиядағы Жоғары білім беру академиясымен (Higher Education Academy) бірлесіп құрылған

бағдарлама арқылы (атауы 2018 жылы «Advance Higher Education» деп өзгертілді) қолдауын атап көрсеткен дұрыс. Қабілетті қызметкерлерді тұрақтандыру мақсатында сараптамалық топ ұзақ мерзімді перспективада академиялық позициялардың тұрақты тартымдылығын қаржылық тұрғыдан алғанда ғана емес, сондай-ақ өмір сапасын қолдайтын шаралар арқылы да қамтамасыз етуді ұсынады. Бұдан басқа, сараптамалық топ мерзімсіз келісімшарттар (tenure) мүмкіндігін одан әрі талқылау жолымен мансаптық өсу мүмкіндігін қарауды ұсынады.

5. Ғылыми-зерттеу қызметі

Сараптамалық топ ғылыми-зерттеу қызметін басқару саласында қол жеткізілген жетістіктерді атап көрсетеді. Ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі вице-проректор 2017 жылы ІЕР бағалауын жүргізгеннен кейін тағайындалған болатын, алайда сапар уақытында топтың онымен кездесіп, жоспарларды талқалау мүмкіндігі болды. Зерттеу стратегияларын әзірлеуді қоса алағанда, ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы институционалдық іс-қимылдардың трансформациялануы қазіргі уақытта орындалу сатысында тұр, ал стейкхолдерлермен қарым-қатынас орнатылған. Бұған қатысты сараптамалық топ *оның инклюзивтілігі мен ашықтығын, сондай-ақ негізгі мәселелерді айқындауда көмектесуді қамтамсыз ету мақсатында академиялық персоналды зерттеу стратегиясын әзірлеуге жүйелі түрде тартуды ұсынады.*

Зерттеу жабдықтары мен ТМҚ-ны сатып алу жалпы қиын міндет екендігіне қарамастан, сараптамалық топ жаңа техникалық құралдарды, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алуға қатысты жақсы жұмыс жасалғанын атап көрсеткісі келеді. Бұрынғыдай, Университетпен ынтымақтасатын ұлттық орталықтар мәртебесі бар оқшауланған ұйымдар ретінде әрекет етудің орнына, жаңа зерттеу орталықтары НУ-ға кірігуде. Қазіргі уақытта Университеттің бөлігі болып табылмайтын, жұмыс істеп тұрған орталықтармен өзара іс-қимыл күшейтілуде. Еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық мақсатына сәйкес «ақылды» жүйелер мен жасанды интеллект әзірлеуге қазіргі уақытта НУ-да арнайы жаңа зерттеу орталығын құру жолымен қолдау көрсетілуде. Кіріспеде айтылған технопарк, сондай-ақ ғылым мен бизнес-объектілердің трансферіне арналған өзге де ұйымдастыру құрылымдары қазіргі уақытта инновацияларды тарату және ғылымды өндіріске енгізу бойынша мақсаттарды іске асыру үшін НУ-ға қолдау көрсету үшін кеңейтілуде.

ӨЕ-де ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы көптеген бастамалар мен жетістіктер сипатталған. Сонымен бірге тең дәрежеде НУ-дың студентерді шетелдерден қайтару, сондай-ақ постдок позицияларын құру бойынша жасалған іс-қимылдары мақтауға тұрарлық. Көптеген позицияларды құру үшін қосымша ресурстарды іздеу әлі де мақсат болып қала береді. Сонымен қатар, НУ мектептері арасындағы пәнаралық және өзара ынтымақтастықты қолдау бойынша табысты іс-қимылдар мен бастамалар жасалды.

НУ өкілеттіктері әкімшілік қолдауға ғана емес, сонымен қатар академиялық және ғылыми персонал үшін зерттеу мүмкіндіктерін белсенді іздеуге таралатын ғылыми-зерттеу қызметін басқару жөніндегі офисті құруды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу қызметін әкімшілендіруді жаңарту үшін қадамдар жасауда.

Сонымен қатар әкімшілік және зерттеу персоналына қойылатын талаптардың әртүрлі болуы бұрынғысынан қиындық тудыруда. Сараптамалық топ ғылыми-зерттеу қызметінің әзірленетін кешенді стратегиясының көмегімен трансформациялау процесін іске асыруға орай, ұлттық мақсаттарға сәйкес НУ-дың жалпы міндеттеріне қатысты өзара түсіністікке қол жеткізу мүмкіндігі бар деп санайды.

НУ-дың халықаралық деңгейде ғылыми көшбасшылыққа қол жеткізудегі бастамаларын ілгерілету мақсатында сараптамалық топ *ғылыми-зерттеу қызметін оларда НУ бірегей болып табылатын, оларға қатысты ұлттық басымдықтар айқындалған, сондай-ақ оларға қатысты*

гранттар қолжетімді көшбасшылық салаларына шоғырландыруды ұсынады. Ол туралы сараптамалық топ сапар уақытында естіген, ғылыми-зерттеу қызметін ұлттық басымдықтарға бағыттау да НУ-дың зерттеу үшін қолжетімді ІЖӨ-нің пайыздық үлесін 0,15%-дан жоспар бойынша – 1%-ға дейін арттырудағы мүддесін қолдау үшін негіз болады.

*Басымды салаларға сай келетін зерттеушілерді, сондай-ақ өзге де салалардағы талантты атақты зерттеушілерді тарту бойынша тәсілдерді ескере отырып, сараптамалық топ *соңғыларды олардың жеке зерттеу қызметін жүзеге асыруда жеткілікті қолдауды қамтамасыз етуді ұсынады.**

*Бұған қоса, НУ-дың дамуына орай топ қызметерлермен және студенттермен бірге олардың жетістіктерін бағалағаннан кейін «Басқару және институционалдық шешімдер қабылдау» тарауында айтылғандай, *қазіргі халықаралық әріптестермен қатынастарды жаңарту мәселесін қарауды ұсынады. Өзара іс-қимылдың ықтимал салалары бірлескен зерттеулерді қолдайтын жобаларды әзірлеу болуы мүмкін, мысалы, қызмет көрсету жөніндегі келісімдермен реттелетін, орнатылған әріптестік қатынастардың орнына конференциялар ұйымдастыру, бірлескен авторлықпен жарияланымдар, семинарлар өткізу және т.б.**

6. Қоғамға арналған қызметтер

НУ-дың қоғамға арналған қызметтері оның стратегиялық мақсаттары мен миссиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Сапар аясында сараптамалық топқа белгілі болған жетістіктер бір жағынан, нақты іс-қимылдарға қатысты, мысалы, халыққа медициналық қызметтер көрсету, сондай-ақ екінші жағынан, бірқатар салаларда НУ моделін сыртқы таратуға қатысты мақұлдауға лайық. Соңғысы оқу жоспарын әзірлеу, оқыту мен басшылықтың инновациялық әдістері, басқа жоғары оқу орындарының академиялық персоналын кәсіби дамыту бойынша семинарларды, сондай-ақ үкіметтің Қазақстанның барлық ЖОО-ларының мүдделерін қорғауы. Көптеген өзге де бастамалар ӨЕ-де көрсетілген. НУ-дың «интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесін құру» бойынша стратегиялық мақсатына сай келетін бір жобаны Медицина мектебі, «University Medical Centre» корпоративтік қоры мен Өмір туралы ғылымдар орталығы америкалық әріптестермен бірлесіп, елдегі алғашқы кешенді академиялық медицина орталығы ретінде іске қосты.

ӨЕ-де сондай-ақ НУ-дың халыққа қызмет көрсету саласында елеулі ілгерілеуге қол жеткізгені туралы мәселе қаралуда. НУ-дың жоғары білім беру саласындағы ұлттық басымдықтармен және стратегиялық мақсаттармен байланысты мектептер мен бөлімшелердің тиісті қызметін үйлестіру мақсатында кешенді стратегия әзірлегенін (қазіргі уақытта жоба сатысында) атап көрсету керек. НУ елдің басқа ЖОО-ларымен оқытудың озық тәжірибелерін және кәсіптік даму бағдарламаларын таратуды қоса алғанда, белсенді іс-қимыл жасауда. Кіріспеде айтылған қазақстандық университеттердің «Академиялық адалдық лигасы» НУ бастамаларына жататын жобалардың бірі болып табылады және сараптамалық топ НУ-дың модель болу рөлін қалай орындап және академиялық адалдықты қалай насихаттап отырғанын бағалады.

НУ-дың «мемлекеттік сектор мен өнеркәсіпті тартумен» бірге «инновациялар және ғылымды өндіріске енгізуге» қатысты стратегиялық мақсаты университеттің зерттеу қызметін бизнеске және өнеркәсіптік қоғамдастыққа енгізуге де таратылады. Осы салада топ түлектердің шетелге кетуі себебінен «ақыл-ойдың» әлеуетті жылыстауы немесе жаңа стартаптарда үміткерлер санының төмендеуі сияқты, болуы мүмкін тәуекелдерді атап көрсетті. Ендеше, сараптамалық топ *үміткерлердің тұрақты ағынын тарту үшін нысаналы қаржыландыруды ұсыну арқылы стартаптарды қолдауға күш-жігер жұмсауды жалғастыра беруді ұсынады. Жоғарыда айтылғандармен қатар, топ кәсіпкерлік ой-сананы қолдауды, сондай-ақ «ақыл-ойдың» сыртқа жылыстауының жолын кесу мақсатында оларды кәсіпкерлік қызметке инвестициялауға даярлау үшін студенттер арасында жеке бастамалар мен инновациялар үшін қолайлы экожүйені қолдауды ұсынады.*

Сараптамалық топ НУ-дың көптеген іс-қимылдарын қолдайды және тиісінше *оларды НУ брендінің бір бөлігіне айналдыру мақсатында қазіргі және болашақтағы қызметтер туралы қоғамды хабардар етуді ұсынады.* ӨЕ-де сипатталған «Жыл сайынғы медиа жоспар» әріптестер мен халықтың арасында НУ-дың бастамалары мен қызметтері туралы хабардар болуды қолдау үшін жақсы бастама болып табылады, бұл озық тәжірибелерді табысты таратудың алғышарты болып табылады.

7. Интернационалдандыру

НУ университет стратегиясына сәйкес интернационалдандыру стратегиясы тақырыбына пікірталастарға бастамашылық жасау жолымен көптеген халықаралық іс-шараларды іске асыруда үлкен табыстарға қол жеткізді, олардың көпшілігі ӨЕ-де келтірілген.

Университеттің міндеті – халықаралық студенттердің үлесін арттыру, олардың үлесі қазіргі уақытта 1%-дан төмен, 2025 жылы 9–10%-ға, одан кейін 2030 жылға қарай 12%-ға, болжамдарға сәйкес студенттердің жалпы саны НУ-дың 2018-2030 Стратегиясында 10 000 адамға дейін деп белгіленгенге жеткізу болып табылады.

Сараптамалық топ НУ-дың көптеген елдерде студенттер жәрмеңкесі және конференциялардың көмегімен студенттерді оқуға алуды жоспарлағаны, студенттерді оқуға тарту жоспары дайын екендігі туралы ақпарат алды. Халықаралық студенттерге арналған әлеуметтік қызметтер көрсету пакеті де бар. Яғни, халықаралық студенттерді тарту мен қолдау бойынша ұйымдастыру және құрылымдық іс-қимылдар да мақтауға лайық. ӨЕ-де халықаралық студенттерді тартуға бағытталған жаңа маркетингтік стратегияның 2019 жылы іске қосылатыны көрсетілген. Топ келесі жылдарда тәжірибе нәтижелерінің сыни рефлексиясын және мектептердің озық тәжірибелерін қоса алғанда, шетелдік студенттердің көп санын тартуға бағытталған барынша жаңа іс-қимылдар да ойлап табылатын болады деп болжайды. Үміткерлер үшін бастама ретінде сараптамалық топ *НУ-ға тән тартымдылық салаларын айқындауды ұсынады.*

Бұдан басқа, топ *осыған дейін атап көрсетілгендей, сондай-ақ НУ-ды шетелдік студенттер үшін барынша тартымды ету мақсатында халықаралық аккредиттеу бойынша жұмысты жалғастыруға кеңес береді.*

Шетелдік постдокторант-студенттерді тарту бойынша іс-қимылдар интернационалдандыру мәнмәтінінде көп үміттендіреді, сондай-ақ зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту әлеуетін береді. Қазіргі уақытта осы жаңа схеманың уақыт өте келе пысықталатынын ескере отырып, сараптамалық топ *НУ-да постдоктарды қоса алғанда, шетелдік студенттер үшін кампустың және қаланың өміріне интеграциялану процесінде оларға жеке қолдау көрсетуді қамтамасыз ету арқылы инклюзивті ортаны құруды ұсынады.*

НУ сондай-ақ «Эрасмус +» бағдарламасымен қазіргі әріптестік қатынастарды қоса алғанда, әртүрлі бағдарламалар арқылы студенттер мен қызметкерлердің ұтқырлық бағдарламасын ілгерілетеді. Сараптамалық топ *НУ нысаналы елдерімен, мысалы, Азия университеттерінің альянсымен ұтқырлық бағдарламасын қарастыру арқылы, сондай-ақ өңірде «Эрасмус+» ұтқырлық схемаларының мүмкіндіктерін зерттеу арқылы студенттер мен қызметкерлердің ұтқырлығын ынталандыруды ұсынады.*

Қорыта айтқанда, жоғары дәрежелі университеттермен халықаралық әріптестік қатынастар да бірнеше салаларда интернационалдандыру мақсатына сай келеді. Сараптамалық топ *қазіргі бастамаларды жетілдіруді, сондай-ақ осы іс-қимылдардың бағыттылығын нығайту және халықаралық аудиторияны тарту, сондай-ақ ресурстарды оңтайландыру мақсатында постдокторанттарды қоса алғанда, академиялық персонал үшін бос лауазымды орындарды жариялау және ілгерілету мүмкіндіктерін стратегиялық тұжырымдауды ұсынады.* НУ сондай-ақ

EURAXESS² және академиялық персонал мен зерттеушілерді жалдаудың өзге де халықаралық танымал платформаларын қарастыра алады.

² <https://euraxess.ec.europa.eu/my>

8. Қорытынды

Сараптамалық топ 2017 жылдан бастап жоспарланған және енгізілген өзгерістер үшін НУ-ды жоғары бағалады. НУ өзгерістерді басқаруда қолданатын кешенді тәсілі мақтауға лайық. Стратегиялық жұмыс топтарының іс-қимылдары жүргізілгеннен кейін ӨЕ-ны жасау осының нақты мысалы болып табылады. 2017 жылғы IEP бағалау ұсынымдарының көпшілігі орындалды және сараптамалық топ НУ-дың одан арғы қажетті іс-қимылдарға қатысты өзін-өзі сынауын бағалайды. Дегенмен, тіпті қазірдің өзінде НУ елеулі ілгерілеуге қол жеткізген салалардағы қызметті де қолдауы тиіс. Сонымен бір мезгілде топ НУ өзінің тікелей мақсаттарын орындайтын оқу орнынан ілгерілеудің келесі сатысына қол жеткізу мақсатында өзінің орнықты дамуын қадағалап отыратын, ұзақ мерзімді миссиясы мен стратегиясы бар университетке айналуы тиіс.

Сараптамалық топ НУ-дың ӨЕ-де айқындалған міндеттерінің салаларын дамыта отырып, университет дұрыс бағытта ілгерілеуге қол жеткізетініне сенеді. Топ сондай-ақ оның ұсынымдары НУ-ға алда тұрған міндеттерін шешуге көмектеседі деп үміттенеді.

Ұсынымдарға шолу

1. Мемлекеттік бюджеттен тәуелділікті бірте-бірте төмендету мақсатында кіріс көздерін әртараптандыру үшін күш-жігер жұмсауды жалғастыру.
2. Болашаққа арналған жоспарларды тұжырымдау кезінде «Оқу мекемесі жасалған іс-қимылдардың табыстылығы туралы қалай біледі» деген аспектіні тексеру үшін жинақталған деректердің көмегімен мониторингтеу және бағалау әдістерін пысықтау.
3. Барлық ішкі стейкхолдерлермен өзгерістер туралы ақпаратпен алмасуды және тиісті қарым-қатынасты қамтамасыз етуді қадағалау.
4. Әріптестік қатынастарды жаңа деңгейге ілгерілету мақсатында бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін күшейту.
5. Әр деңгейдегі пайдаланушылар үшін қолжетімді, алайда ортақ элементтері бар, бірыңғай университеттік когерентті ақпараттық жүйені құру.
6. Жоғарыда көрсетілген екі құжаттың үйлесімін арттыру және жоқ элементтерді анықтау мақсатында кестені ESG 2015-ке сәйкестікке қайта қарау, 1-бөлімін және әр тармақ бойынша оны ESG нұсқаулықтарымен салыстыру.
7. Сапаны қамтамасыз етуден бірыңғай университеттік сапа мәдениетіне көшуді жалғастыру.
8. Оқыту мен білім берудің сапасын, сондай-ақ халықаралық танымалдылықты тұрақты арттыру мақсатында бағдарламалар мен мектептердің халықаралық аккредиттеуден өтуін жалғастыру.
9. Мектептер мен бағдарламалар үшін әртүрлі кәсіптік аккредиттеуден өту аясында сапаны ұжымдық түсінуді және университет деңгейінде сапаның кешенді стандарттарын сақтауды

қамтамасызмдық.

10. НУ сайтында ішкі сапа жөніндегі құжаттарға қолжетімділікті ұсыну.
11. Талап етілетін жұмыс жүктемесіне қол жеткізу үшін ғана студенттер өздеріне керексіз пәндерді таңдауға мәжбүр болатын жағдайлардан аулақ болу үшін студенттер үшін элективті курстарды кеңінен таңдауды қамтамасыз ету.
12. Басқа мамандықтар бойынша студенттер үшін элективті курстардың мазмұны анық және түсінікті болуын қамтамасыз ету.
13. Студентке бағдарланған білім берудің барлық қырларын және оның оқыту құралдары мен студенттің міндеттеріне әсерін зерделеу.
14. Оқу жоспарында кәсіпкерлік ой-сананы дамытуды нығайту және мұқият жоспарланған практикалық жұмыстың тиісті көлемін енгізу.
15. Ұзақ мерзімді перспективада академиялық орындардың тұрақты тартымдылығын қаржылық тұрғыдан алғанда ғана емес, сондай-ақ өмір сапасын қолдайтын шаралар арқылы да қамтамасыз ету.
16. Мансаптық өсуді өзгелерінен басқа, өмір бойғы келісімшарттар мүмкіндігін одан әрі талқылау, сондай-ақ критерийлері ашық шарттарды жаңарту жүйесі арқылы барынша болжамды жолмен қарау.
17. Оның инклюзивтілігі мен ашықтығын, сондай-ақ негізгі мәселелерді айқындауда көмектесуді қамтамсыз ету мақсатында академиялық персоналды зерттеу стратегиясын әзірлеуге жүйелі түрде тарту.
18. Ғылыми-зерттеу қызметін оларда НУ бірегей болып табылатын, оларға қатысты ұлттық басымдықтар айқындалған, сондай-ақ оларға қатысты гранттар қолжетімді көшбасшылық салаларына шоғырландыру.
19. НУ-ға ІЖӨ-ні 0,15%-дан 1%-ға дейін арттыруға ықпал етуге ұлттық басымдығы бар ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру.
20. Басым бағыттар салаларына сай келетін зерттеушілерді, сондай-ақ өзге де салалардағы талантты атақты зерттеушілерді тарту бойынша тәсілдерді есепке ала отырып, топ соңғылардың жеке зерттеу қызметін жүзеге асыруда оларды жеткілікті қолдауды қамтамасыз етуді ұсынады.
21. НУ дамуына орай топ қызметкерлермен және студенттермен бірге олардың жетістіктерін бағалағаннан кейін қазіргі халықаралық әріптестермен қатынастарды жаңарту мәселесін қарау.
22. Үмітерлердің тұрақты ағынын тарта отырып, нысаналы қаржыландыру ұсыну жолымен стартаптарды қолдауға күш-жігер жұмсауды жалғастыру.
23. Кәсіпкерлік ой-сананы, сондай-ақ «ақыл-ойдың» сыртқа жылыстауының жолын кесу мақсатында оларды кәсіпкерлік қызметке инвестициялау үшін студенттер арасында инновациялар мен жеке бастамалар үшін қолайлы экожүйені қолдау.

24. Оларды НУ брендінің бір бөлігіне айналдыру мақсатында өздерінің қазіргі және болашақтағы қызметтері туралы қоғамды хабардар ету.
25. НУ нысаналы елдерімен, мысалы, Азия университеттері альянсымен ұтқырлық бағдарламасын қарастыру арқылы, сондай-ақ өңірде «Эрасмус+» ұтқырлық схемаларының мүмкіндіктерін зерттеу арқылы студенттер мен қызметкерлердің ұтқырлығын ынталандыру.
26. Бұдан кейінгі жылдары шетелдік студенттердің көп санын тарту үшін НУ-ға тән тартымдылық салаларын айқындау.
27. НУ-ды шетелдік студенттер үшін барынша тартымды ету мақсатында халықаралық аккредиттеу жөніндегі жұмысты жалғастыру.
28. Кампустың және қаланың өміріне интеграциялану процесінде оларға жеке қолдау көрсетуді қамтамасыз ету арқылы халықаралық студенттер үшін инклюзивті ортаны құру.
29. Қазіргі бастамаларды жетілдіруді, сондай-ақ осы іс-қимылдардың бағыттылығын нығайту және халықаралық аудиторияны тарту, сондай-ақ ресурстарды оңтайландыру мақсатында постдокторанттарды қоса алғанда, академиялық персонал үшін бос лауазымды орындарды жариялау және ілгерілету мүмкіндіктерін стратегиялық *тұжырымдау*.